

Ғылыми жетекшінің пікірі

Директордың мұқимі
(жұмыс түрінің атауы)

Бақыт Бейіс
(білім алушының Т.А.Ә.)

БВ040400-Тау-кен ісі
(мамандық атауы мен шифрі)

Тақырыбы: Мозарт Анжасай мерзет Кем
орнан игеруде маршиелдерлік мұқимдер
қамтамасыз ету.

Директордың мұқимі мен мұқимдер арасында
ақыл-парасатты қатынаста болуына
қажетті бақыт Бейіс мұқимдер арасында
берсеңгі ораңдан шықты. Геологиялық
сипатта, тау-кен технологиялар,
маршиелдерлік қамтамасыз ету
мүселектері егжей-тегжей қамтылған.

Директордың мұқиміне жамағат
маршиелдерлік-геологиялық аспектар
қолданылған, нәтижелері қорықтар
лік кешендермен орындалған.

Директордың мұқиміне Тарау ақпараттан
ден есейгенімен, 98% бағалылығын
Мемлекеттік стандарттан тарауға
сөйі орындалған. Сүрсілі бақыт
Бейіс мұқиме барысында Геологиялық
білімін қолданып, бакалавр дәрежесіне
иелі болу ден самаймын.

Ғылыми жетекші

Г.З.К. Асе профессор
(қызметі, ғыл. дәрежесі, атағы)

Қолы: Бақыт Бейіс Т.А.Ә.

«14» 05 2019 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Сәтбаев университеті

Ө.А.Байқоңыров атындағы тау-кен металлургия институты

Кафедра «Маркшейдерлік іс және геодезия»

ҚОРҒАУҒА РҰҚСАТ


Кафедра меңгерушісі,
Доктор PhD.
Б.Б.Имансакипова
«14» 08 2019 ж.

ДОПУЩЕН К ЗАЩИТЕ
НАО «ИНТИУ ИМ. К.И. Сәтбаев»
Тау-кен-металлургия институты им. О.А. Байқоңыров


Дипломдық жұмыстың
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБАСЫ

«Жоғарғы Андасай жерасты кен орнын игеруде маркшейдерлік жұмыспен қамтамасыз ету» тақырыбына

5B070700 Тау-кен ісі (бакалавр)

Орындаған: Бақыт Б.
(аты, жөні тегі) 

Жетекші т. ғ. д. профессор
(ғылыми дәрежесі, атағы)


Қырғызбаева Г.М.
(аты, жөні, тегі)

«19» 08 2019ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Сәтбаев университеті

Ө.А.Байқоңыров атындағы тау-кен металлургия институты
«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы
5B070700- Тау-кен ісі



БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі,

Доктор PhD

Б.Б.Имансакипова

« 14 » 05 2019 ж.

Дипломдық жобаны орындауға

ТАПСЫРМА

Бақыт Бейіс

Жобаның тақырыбы: «Жоғарғы Андасай жерасты кен орнын игеруде маркшейдерлік жұмыспен қамтамасыз ету»

Университеттің №1113-б «08» қазан 2018 бұйрығымен бекітілген

Орындалған жобаның өткізу мерзімі: « 13 » 05 2019жыл

Дипломдық жобаның (жұмыстың) бастапқы мәліметтері:

Есеп-түсініктеме жазбаның талқылауға берілген сұрақтарының тізімі мен қысқаша диплом жұмысының мазмұны: геология, тау-кен жұмыстары, геодезиялық жұмыстар, маркшейдерлік жұмыстар, еңбек қорғау және арнайы бөлімдері.





Графикалық материалдардың тізімі: Жоғарғы Андасай кен орны геологиясы, Жоғарғы Андасай кен орны геодезиялық-маркшейдерлік жұмыстармен қамтамасыз ету, Кен орнында маркшейдерлік жұмыстарын заманауи аспаптармен қамтамасыз ету.

Пайдаланылған әдебиеттер: 5 атау

Дипломдық жұмысты даярлау **КЕСТЕСІ**

Бөлім атаулары, дайындалатын сұрақтардың тізімі	Ғылыми жетекшіге, кеңесшілерге өткізу мерзімі	Ескерту
Геологиялық бөлім Тау-кен бөлімі	05.04.2019	
Маркшейдерлік бөлім	23.04.2019	
Арнайы бөлім	02.05.2019	

Аяқталған дипломдық жұмыстың және оларға қатысты диплом жобасының бөлімдерінің кеңесшілерінің және қалып бақылаушының қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Ғылыми жетекші, кеңесшілер (аты-жөні, тегі, ғылым дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған мерзімі	Қолы
Тау-кен және геологиялық бөлім	т.ғ.к., ассоц. проф Қырғызбаева Г.М.	03.04.2019	
Марк. бөлім	т.ғ.к., ассоц. проф Қырғызбаева Г.М.	22.04.2019	
Арнаулы бөлім	т.ғ.к., ассоц. проф Қырғызбаева Г.М.	3.05.2019	
Қалып бақылаушы	т.ғ.м. ассистент Нукарбекова Ж.М.	13.05.2019	

Тапсырма берілген мерзімі: 14.05.2019ж

Кафедра меңгерушісі:  Б.Б.Имансакипова

Ғылыми жетекшісі:  Қырғызбаева Г.М.

Тапсырманы орындауға студент  Бақыт Б. алды

Күні «10» 05 2019 ж.

АНДАТПА

Бұл дипломдық жоба еліміздің оңтүстік аймағында орналасқан алтын игерумен айналысатын Жоғарғы Андасай кеніші туралы болмақ. Жоғары Андасай еліміздегі алтын игеруші ірі кен орындарының бірі болып табылады. Жобаның негізгі бастапқы бөлімі кен орны орналасқан жері географиялық жағдайы, кеніш жер қойнауы геологиясы мен зерттелуі және кен орнының тау-кен технологиялық сипаттамалары туралы ақпараттармен ашылған. Геодезиялық-маркшейдерлік бөлімде алтын игеру барысында қолданылатын жақын аймақтағы геодезиялық тірек пунктер тораптары көрсетіліп, жүргізіліп жатқан барлық процестерді маркшейдерлік жұмыстармен қамтамасыз ету баяндалып өтілген. Жер асты маркшейдерлік түсірістердің барлық түрі ашып түсіндіріліп және сызбалармен көрсетілген.

Жоба арнайы бөлімі алтын игеруші кеніште маркшейдерлік жұмыстарды жүргізу кезінде заманауи аспаптарды тиімді түрде пайдалана білу жайлы қарастырылған. Жоғарғы Андасай кен орнында жер асты маркшейдерлік түсірістерді орындауда ең тиімді тахеометр - Leica TS-09 plus аз уақытта жұмыстың жақсы нәтижесін көрсетуші болып табылады. Түсіріс жасау қиын аймақтарды түсіруде қазіргі таңда заманауи сканерлер қолданылады. Соның бірі Жоғарғы Андасайда қолданылатын MINEi Лазерлік сканері – бұл тік немесе еңістегі қуыстарды талдауға мүмкіндік беретін сенімді, жылдам, сымсыз жүйе. Жүйе кеншілердің қауіпсіздігін және тау-кен жұмыстарының өнімділігін арттыруды қамтамасыз етеді.

АНОТАЦИЯ

Этот дипломный проект посвящен Верхнему Ансайскому руднику, который занимается добычей золота в южном регионе страны. Это одно из крупнейших месторождений золота в стране. Основным источником проекта является географическое расположение участка месторождения, геология и разведка месторождения, а также информация о технологических характеристиках месторождения. Геодезическо-маркшейдерский раздел имеет сеть геодезических ориентиров в ближайшей зоне, используемой для разработки золота и обеспечение все горные работы маркшейдерскими работами. Все виды подземных изысканий объяснены и раскрыты.

Специальный раздел проекта предусматривает эффективное использование современных инструментов для маркшейдерских работ на площадке золото добычи. Leica TS-09 plus – наиболее эффективный тахеометр для подземной съемки шахт на месторождении Верхний Андасай, является хорошим индикатором работы.

ANNOTATION

The diploma project is dedicated to the Verkhnyimi Ansay mine, which runs from the peak of gold in the southern region. It is one of the largest molds of gold in the country. The main source of the project is the geographical location of the site of the site, geology and exploration, as well as information about technological developments. Geodesic surveying site has geodetic orientations in the nearest area, used for development and production of all kinds of mining works by surveying.

The special section of the project predicts the efficient use of modern tools for the mine surveying work on the field of gold medley. Leica TS-09 plus - the ultimate effective tachometer for the submersible mines in the Verkhonii Andasay, a good indicator of work.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	9
1 Кен орынының орналасқан ауданы мен кен-геологиялық сипаттамасы туралы мәлімет	10
1.1 Ауданның физикалық географиялық жағдайы туралы мәлімет	10
1.2 Кен орнының геологиялық жағдайы	11
1.3 Жоғарғы Андасай кен орнының тау-кен техникалық сипаттамасы	12
1.4 Кен орнын игеру әдісі мен ашу жұмыстары	14
1.5 Кен орнындағы қазу жүйелері	15
2 Кен орнындағы геодезиялық және маркшейдерлік жұмыстар	17
2.1 Кен орнын бақылауға геодезиялық тірек желісін құру	17
2.2 Тригонометрия және полигонометрия	19
2.3 Жер асты маркшейдерлік тірек тораптары	20
2.4 Теодолиттік түсірістер	22
2.5 Нивелирлеу	22
2.6 Тау-кен қазбаларына бағыт беру	24
2.7 Скреперлік штрек жүргізудегі бұрғылау-аттыру жұмыстары	30
3 Арнайы бөлім. Жоғарғы Андасай кен орнында заманауи маркшейдерлік аспаптарды пайдалану тиімділігін зерттеу	32
3.1 Алтын кен орнында заманауи Leica TS-09 электронды тахеометрін қолдану тиімділігі	32
3.2 Жер асты тахеометрлік түсірісі	36
3.3 Жер асты лазерлі-сканерлеу түсірісі	38
3.4 Жерасты кеңістіктерін лазерлік сканерлеу нәтижелері	41
3.5 Тау-кен қазбалары массивінің жай-күйіне геомеханикалық мониторинг жүргізу	45
Қорытынды	51
Пайдаланылған әдебиеттер	52

КІРІСПЕ

Бұл жұмыстың жалпы бөлімінде Жоғарғы Андасай кен орны туралы ақпарат және геологиясы, кен орынның тау – кен жұмыстарының қазіргі жағдайы мәліметтер көрсетілген. Ары қарай бұл кеніштің даярлау жұмыстары мен қандай қазу жүйесі қолданылғаны туралы және тау-кен қазбаларының құрылысындағы маркшейдерлік жұмыстары, жер асты қазбаларда қолданылатын аспаптар, кен өндіретін қазбалардағы маркшейдерлік жұмыстарды орындау кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы мәселелер толық түрде қарастырылды.

Арнайы бөлім алтын игеруші кеніште маркшейдерлік жұмыстарды жүргізу кезінде заманауи аспаптарды тиімді түрде пайдалана білу жайлы қарастырылған. Жоғарғы Андасай кен орнында жер асты маркшейдерлік түсірістерді орындауда ең тиімді тахеометр - Leica TS-09 plus аз уақытта жұмыстың жақсы нәтижесін көрсетуші болып табылады. Түсіріс жасау қиын аймақтарды түсіруде қазіргі таңда заманауи сканерлер қолданылады. Соның бірі Жоғарғы Андасайда қолданылатын MINEi Лазерлік сканері – бұл тік немесе еңістегі қуыстарды талдауға мүмкіндік беретін сенімді, жылдам, сымсыз жүйе. Жүйе кеншілердің қауіпсіздігін және тау-кен жұмыстарының өнімділігін арттыруды қамтамасыз етеді.

1 Кен орынының орналасқан ауданы мен кенгеологиялық сипаттамасы туралы мәлімет

1.1 Ауданның физикалық географиялық жағдайы туралы мәлімет

Верхне-Андасай алтын кен орны Жамбыл облысы Мойынқұм ауданындағы Ақбақай ауылынан 15 км қашықтықта, аудан орталығынан 105 км қашықтықта орналасқан. Ең жақын деген Кияқты темір жол станциясынан 125 км қашықтықта орналасқан. Геологиялық барланған аумағы 2,88 км² және де шеткі координаталары 1) 45°13'20" с.е. және 72°33' 50" ш.б. 2) 45°13'20" с.е. және 72°35'35" ш.б.3) 45°12'40" с.е. және 72°35'35" ш.б.4) 45°12'40" с.е. және 72°33'50" ш.б.

Кен орны мен оған іргелес жатқан аумақ – салыстырмалы түрде 10-30 м асатын және абсолюттік 450 – 530 м дейінгі типтік ұсақ адырлы жазық болып табылады. Ауданның жалпы саны қанағаттанарлық. Жер бедерінің эолдық нысандары әлсіз, сырғымалар және карст құбылыстары байқалмайды, сейсмикалығы тыныш; қалыпты радиоактивтік фон.

Ауданның климаты күрт континентті және шілде айындағы ең жоғары температура +45°, ең төмен қаңтар айында - 20-30° жетеді. Жел бағыты негізінен солтүстік - шығысқа, жекелеген кезеңдерде оның жылдамдығы 15 м/сек дейін болады. Жыл ішіндегі жауын-шашын көлемі 200-250мм, яғни көктемгі және күзгі айларда түседі. Қыста қар аз, тұрақты қар жамылғысы желтоқсан айынан ақпан айына дейін сақталады.

Ауданның өсімдіктері орман жамылғысының толық болмауымен және кішігірім биіктікпен сипатталады. Ауқымды алаңдар дала жусаны мен баялышпен жабылған. Жер асты сулары терең емес жатқан учаскелерде шие мен камыс өсінділері байқалады. Ауданның жануарлар әлемі кедей. Кеміргіштер, сарысулар, қасқырлар, қорқаулар жиі кездеседі.

Ауданның гидрожелісі өте әлсіз. Жұмыс учаскесінде және жақын жерде тұрақты су ағындары жоқ. Сирек құрғақ арналар көктемгі қар еру кезеңінде ғана сумен толықтырылады. Тұщы судың тұрақты ағынында учаскеден оңтүстік-батысқа қарай 80 км ағатын Шу өзені бар. Кен орнының экономикалық ауданы игерілмеген. Оның аумағы қоныстанбаған және ауыл шаруашылығы үшін пайдаланылмайды. Аудан экономикасының негізгі даму болашағы Ақбақай тау-кен байыту комбинатымен байланысты. Ақбақай кентінде 8000 жуық адам тұрады, мектеп, пошта, телефон, телеграф және орталықтандырылған электрмен жабдықтау бар. Ауданда игерілуі перспективті болып Майкөл амазонитті гранит кен орны, Шығанақ барит кен орны, Құлан кетпе флюорит кен орны, Қаракөл және Құлан жоғары көмір кен орындары табылған. Ауданның құрылыс материалдарымен қамтамасыз етілуі нашар: тек саздақтар, дресва және гравий бар. Жол жабыны үшін құрылыс материалдары ретінде кен орындарының кенсіз үйінділерін пайдалануға болады. Тасылатын ағаш материалдары, цемент және көмір.

1.2 Жоғарғы Андасай кенорнының тау-кен геологиялық сипаттамасы

Жоғарғы Андасай кен орны Шу құламасының шекарасында және де Шу-Балқаш антиклинарының оңтүстік-батыс қанатында орналасқан. Ол солтүстік-шығысқа қарай 70-80 градуспен құлай орналасқан. Бұл кеннің соңғы орналасу өзгерісі Кембрийдің аяғы мен Ордовиктің басында қалыптасқан.

Ауданның рельефі төбелі, анық биіктігі 530 м болатын және 30 м биіктік өзгерісті болып келеді. Кеннің шекарасы Жалайыр-Найман зонасының солтүстік-шығыс бортында әртүрлі формамен орналасқан. Верхне-Андасай кен орны негізінен 0,26-0,3 метр қалыңдығымен 400-450 метрге созыла тік құлама және бір-біріне параллел орналасқан екі жиланы игерумен айналысады. Бұл екі жила Солтүстік және Оңтүстік деп аталып аралары орташа есеппен 8 м болып келіп, оңтүстік-шығысқа қарай 3 м дейін жақындай түседі. Және жаңадан Ендік деп аталатын және қалыңдығы 1 метрді құрайтын жила барлану үстінде. Кеннің беріктік коэффициенті 16-19 арасы.

Жоғарғы Андасай кен орнының кен денелері қуаты 0,5 - 10,0 см және ұзындығы 400-450м кварцтың екі жылкасымен ұсынылған. Осындай

шағын қуаттар кезінде алтынның орташа құрамы 10,0-63,4 г/т құрайды, оның орташа қуаты 0,14-0,20 м. және кен кварцында алтын еркін, зиянды қоспалар жоқ. Кварц үгінділері түсі, қуаты, қаптамасы бойынша ерекше белгілердің болуы бойынша тамаша сәйкестендіріледі. Жилкалардың сыйысымды жыныстармен байланысуы болады және соңғысы біртұтас болып табылады. Жоғарғы Андасай кен орны кендерінің келесі негізгі түрі кездеседі: бұл кварц-алтынның қапталуымен және сульфидті минералданумен алтын құрамды кендер. Кен полиметалл сульфидтері бар алтын – кварц талшықты және эпидот пен хлоритпен кварц метасоматиттерге бөлінеді. Кен орнында метасоматикалық өзгерістер ауданы бойынша әлсіз және елеусіз көрінеді, сондықтан кенденудің бұл түрінің дербес мәні жоқ.

Кен құрамында келесі жынысты құрайтын минералдар орнатылған: кварц (50-80%), далалық шпаттар (10-15%), эпидот (12%), актинолит (10%), хлорит (1-3%), кальцит (1-2%). Акцессорные минералдар: апатит, циркон, магнетит, титаномагнетит, сфен, рутил, брукит, лейкоксен. Негізгі кен минералды алтын. Алтын кварцте, карбонат жилкаларында, темір гидроқышқылдарында, сондай-ақ серицит-хлорит материалымен орындалған тесіктерде байқалады. Алтынның бөліну формалары кеуекті-комковидті. Жиі алтын кварцта ені 0,3 мм дейін. Алтын мен кварцта сопақша бөлінулер түрінде петцитке жатқызылған химиялық, физикалық және оптикалық қасиеттері бойынша алтын мен күмістің теллуридін кездеседі. Екінші дәрежелі кен минералдарына: халькопирит, пирит, арсенопирит, галенит, халькозин, ковеллин, скородит, темір гидроқышқылдары жатады. Кеннің текстуралық ерекшеліктері бойынша жұқа-бүрмеленген, микрогнездік, жилаға жатады. Негізгі пайдалы компонент – алтын, екінші дәрежелі күміс және кварц.

Кварц кенді түзілімдердің басты кенсіз минералы болып табылады, метасоматиттер мен тұрғындарды қалыптастыруға қатысады және төрт

генерациямен ұсынылған. Кварц I-метасоматикалық, микро түйіршікті және ұсақ кристалды агрегат, пропилизацияланған брекчиядағы цемент пен сынықтарды алмастырады. Кварц II - талшықты, ірі кристалды, қарқынды катаклирленген, адулярмен байланыстырады, желілерде кемінде 60% - ды құрайды. Кварц III - ұсақ түйіршікті, катаклирленген емес, кварц II кристалдарының арасында мозаикалық агрегат түзеді. III кварцтың үлесіне шамамен 30% көлем келеді. IV Кварц микрокристалды агрегатпен ұсынылған және кварц жиектеріндегі кейінгі жарықтар бойымен дамиды, II – III генерациядағы кварцқа қатысты айқын секциялық жағдайға ие.

Кеннің барлық түрлеріндегі алтын кеннің ең көп таралған компоненті болып табылады және төрт морфогенетикалық типтермен ұсынылған. Бұдан бұрын алтын I - жұқа кристалды, шаң тәрізді тотыққан арсенопиритпен байланысты, оның үлесі өте аз. II, III – интерстициалды, субкристалды, дендрит тәрізді және комковидті алтын II, III және аз дәрежелі кварцпен, альбитпен, кальцитпен, эпидотпен, хлоритпен байланысты және кеннің негізгі құндылығын білдіреді. Оның үлесіне кендегі алтынның жалпы санының 90% - дан астамы келеді. IV алтын кейінгі кальцитпен, кварцпен, алтын мен күмістің теллуридтерімен (калаверит-креннерит минералдарының тобы, нагиагит, петцит) байланысты. Жергілікті учаскелерде кеш жарықшақтар бойынша пирит пен арсенопирит бойынша лимониттің псевдоморфоздарымен ассоциацияланатын комковидті және кеуекті алтын гипергендері анықталды. Кендегі гиперген алтынның рөлі өте аз, бұл кварцты ортада тотығу процестерінің әлсіз көрінуімен байланысты.

1.3 Жоғарғы Андасай кен орнының тау-кен техникалық сипаттамасы

Жоғарғы-Андасай кен орны қоры бойынша ұсақ, алтын құрамы бойынша бай, қуаты 0,5-10см болатын екі субпараллельді кварц желімен 10-50см дейін. Әр желінің ұзындығы 700 м, кен бөлігі-450 м. Желі арасындағы қашықтық шамамен 10 м, ұзына бойлық проекцияда олар да жақындап, іс жүзінде бір жазықтықта болады. Ең төменгі орташа қуаты-0,07 м (блок – VI-P1). Солтүстік желінің орташа қуаты 0,39 м, Оңтүстік - 0,51 М.

Барланған қорларды және P1 санатының болжамды ресурстарын және кенді байытудың ұтымды схемасын ескере отырып, Жоғарғы Андасай кен орнын өңдеу регламенті алдын ала әзірленді

Кеннің физикалық-механикалық қасиеттері мен тұқымы бір-біріне жақын. Руда бекінісі бойынша күшті (III) категорияға, тұқымы - орта (IV) категорияға жатады. Су сіңуі аз (1,4-2,3), ылғалдылығы 0,42-0,64%. Кеннің және жыныстың көлемдік массасы 2,70 т/м³ құрайды. Руда мен жыныстар радиоактивті емес, өздігінен жануға бейім емес. Тау-кен қазбаларын үңгілеу және тау-кен қазбаларының физикалық жағдайын сақтауға қолайлы. Физикалық-механикалық қасиеттердің өзге де параметрлері 1.1- кестеде келтірілген.

1 кесте – Жоғарғы Андасай кен орны орташа физикалық сипаттамалары

Таужынысы аты	Тығыздығы (г/см ³)	Магниттік сезімталдығы (сгс 10 ⁻⁶)	Электр өткізгіштігі (омм)	Полярлануы (%)	Радиоактивтілігі (мкр/час)
1	2	3	4	5	6
Құмтас, алевроли, мүйіздіктер	2,72	19	2580	2,2	28
Гранит, диорит, диабаз	2,73	45			26
Метасоматиттар	2,70		1800	5,5	28
Кварц	2,70		1236	6,7	28

Кен орнының қорлары жер бетінен іс жүзінде өңделді. Сондықтан өңдеу тек жер асты әдісімен ғана ұсынылады. Жер бедері шахталық ашу нұсқасын алдын ала анықтайды. Кен орнының қорлары жер бетінен іс жүзінде өңделді. Сондықтан өңдеу тек жер асты әдісімен ғана ұсынылады. Жер бедері шахталық ашу нұсқасын алдын ала анықтайды.

Кен денелерінің морфоқұрылымдық ерекшеліктерін ескере отырып, кен орнын өңдеу келесі нұсқалармен мүмкін:

I. кенді тікелей тазалау кенжарында өңдеу кеңістігін сортталған жыныспен толтыра отырып, дүкендеу және селективті уату және сұрыптау жүйесі бар.

II. Штрекаралық кентіректерді қалдыра отырып, селективті кенді қазу арқылы қабатты қуақаз жүйесі.

Мұндай өңдеу жүйелері ұқсас кен орындарында қолданылған және қолданылады. Жила Фроловская (Ақбақай), сіңір Ақсақал, Сюрприз (Мойынкүм ГОК) кен орны, Алтын-Сай (Фирма Галотек) және т. б.

Барланған қорларды және P1 санатының болжамды ресурстарын және кенді байытудың ұтымды схемасын ескере отырып, Жоғарғы Андасай кен орнын өңдеу регламенті алдын ала әзірленді:


- жылдық өнімділігі 10 мың тонна кен;
- тәуліктік өнімділігі 30 тонна кен;
- Протодьяконов бойынша Кен бекінісінің коэффициенті 18-20;
- кен тығыздығы 2,70 т / м³;
- кеннің ылғалдылығы, 4,0 артық емес%;
- бастапқы кеннің ірілігі, 150мм артық емес;
- ұсақтауға түсетін кеннің ірілігі -2,5+0 мм;

Құрамында алтын бар гравиконцентраттарға қойылатын техникалық шарттардың талаптарына сүйене отырып, өндіру кезеңінде құрамында 50г / т астам алтын бар кенді алуға болады.

1.4 Кен орнын игеру әдісі мен ашу жұмыстары

Кен орнында 60-80 горизонттарды және көлбеу жолдарды қамтитын жер асты ашу әдісі қабылданған. Кен қоры автотранспорттық жол, этаждық транспорттық штректер арқылы ашу және даярлау жұмыстары жүргізіліп, қазбаны таза ауамен қамтамасыз етуге желдетуші-кірме өрлемелер жұмыс жасайды. Верхне-Андасай кен орнының солтүстік бөлігінде зонаның ығысу аймағында 470 м белдеуде автотранспорттық жол штольня 9-бен қиылысады.

Одан ары қарай штольня 9-дан +437 м белдігіне қарай автотранспорттық көлбеу жүргізілген, осылай автотранспорттық көлбеу +410, +370, +330, +290, +260 белдеулерінде қазбалармен қиылыстар жасайды. Автотранспорттық жол көлбеулігі 8°, айналу бұрылыстарында 5°-6°, қимасы – 7,4 м³, ені – 3м, биіктігі – 2,5 м, ал айналу бұрылыстарындағы қима ауданы 7,8 м³. Автотранспорттық жолдың қызметі материалдарды жеткізу, кенді тасымалдау, бірақ адамдарды тасымалдаумен айналыспайды. Транспорттық қазбаларда әр 25 метр сайын сақтандыру нишасы орналасқан. Нишаның параметрлері: биіктігі – 1,8 м, ені – 1,2 м, тереңдігі – 0,7 м. Ал әр 100-200 м сайын тиеу алу пункті орналасады. Кен орнының толықтай ашу схемасы 1.1 – суретте көрсетілген.



1 Сурет – Кен орнының ашу схемасы

АТС тау-кен массасын тасымалдауға, жабдықтар мен материалдарды көкжиектер мен қабаттарға жеткізуге арналған, сондай-ақ шахтаға түсетін барлық ауаның 10-15% - ын беруге және жер бетіне негізгі шығу ретінде қызмет етеді. АКҚ бойынша адамдарды жаяу жүріспен көшіру қарастырылмайды, өйткені Түсіру-көтеру үшін УАЗ-Хантер базасында арнайы автомобиль немесе ені - 1,7 м және биіктігі – 2 м аспайтын габариттері бар шахталық орындаудың басқа да аналогы пайдаланылады. Барлық көлік қазбалары бойынша әрбір 25

метр сайын ең аз мөлшерлі қауіпсіздік қуыстары орнатылады: биіктігі 1,8 м, ені 1,2 м, тереңдігі 0,7 м. сәйкес.


Осы ашу схемасы "Жоғарғы-Андасай" кен орнының қорларын пайдалануға беруді жеделдету мақсатында қабылданды. Ол кенді денелерді ашу мен дайындаудың жетілдірілген схемасы болып табылады автокөлік енісін пайдалану тік қазбалардың көлемін және көтеру кешенінің жабдықтарын қысқартады, өздігінен жүретін Мобильді жабдықты қолдануға және кен массасын артық тиеу процестерін қысқартуға, сондай-ақ арнайы мақсаттағы автокөлікпен адамдарды тасымалдауды қауіпсіз жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Кенді тиеу-жеткізу машинасымен немесе өзі аударғыш машинасымен тасымалдау жүргізілетін көліктік квершлагтар мен қуақаздардың қимасы 7-ге тең деп қабылданды. 4м². Эксплобарлау қазбаларының, жеткізу орттары мен өту жолдарының қималары 1,7-ден 7-ге дейін ауытқиды. Қазбаны үңгілеу шарттарына байланысты 4 м².

1.5 Кен орнында қолданылатын қазу жүйесі

Негізінен Жоғарғы Андасай кен орнына екі қазу жүйесі қолданылады. Бұл жердің тау-кен-геологиялық және тау-кен-техникалық сипаттамаларына қарай отырып, кеннің қуатталығын және құлау бұрышын ескере отырып осы жерге сәйкес кенді шпурмен қопарып магазиндеп қазу жүйесі мен керме бекітпелерді қолданып қазу жүйесін қолдану бекітілген. Осындай өте жұқа және күртқұлама кендерде экономикалық жағдайда керме бекітпемен бекітіп қазу жүйесі тиімді болып келеді. Негізгі ұсынылған жүйеде кен блоктарға бөлініп блокаралық кентіректер қалдырылып отырады. Бұл жүйеде забой төменнен жоғарыға жүріп, кен өз күшімен жеткізіледі. Этаждардың биіктігі 40м, ал блоктар ұзындығы 30-70м, кейде 80-100 метрге дейін жетеді. Адамдар жүретін өрлемелер тепкішектермен жабдықталған болса, материал таситындар лебедкалармен жабдықталған. Бұл қазу жүйелері сұлбасы 1.2 – суретте көрсетілген.

Тазалау жұмыстарын биіктігі 2 - 2,5 м бірінші қабатты ойықтан скреперлік қуақаз жүргізілгеннен кейін немесе оны жүргізгеннен кейін бастайды. Тазалау кеңістігі бірінші қабатты кергіш бекітпемен немесе 6-8 м-ден кейін доғаларды орната отырып бекіту рамаларымен ойып алуына қарай бекітіледі. Ұсынылған игеру жүйесі кен денесін блоктық кентіректерді қалдырып, кенді көліктік штрекке шығару шпурмен қабаттап уату жолымен қазу учаскелерімен (блоктармен) жаппай өңдеуді көздейді. Тазалау кеңістігі бірінші қабатты кергіш бекітпемен немесе 6-8 м-ден кейін доғаларды орната отырып бекіту рамаларымен ойып алуына қарай бекітіледі.



2 Сурет – Кен орнында қабылданған қазу жүйелері

Ашық тазалау кеңістігі бар төбеге төзімді жүйелер негізінен қуаты 0,6-3 м тұрақты кендермен және сыйысымды жыныстармен тік жолақ және пласттық кенорындарын қазу кезінде қолданылады. Жүйе тазалау кенжарының төбеге төзімді нысанымен, оны төменнен жоғарыға және орталықтан блоктардың қапталына қарай жылжытумен сипатталады. Жүйе негізінен кенді өздігінен ағумен жеткізуге есептелген болғандықтан, оны әдетте бұрау кезінде қолданады. Блоктың Ұзындығы 30-70 м, кейде оны 80 - 100 м дейін ұлғайта отырып. 5 скреперлік штрек Солтүстік және Оңтүстік желілер арасында, ал блоктың шекарасы бойынша 3-ті екі бөлімшеге (жүріс және материалдық) көтеріп, тіреуішпен бекітіп, тақтайлармен қаптайды. Жүру бөлімшесі баспалдақтармен, ал материалдық — бекіткіштер мен материалдарды жеткізуге арналған шығырлармен жабдықталады.

Кенді ұсақ шпуралармен бір сорғыштардан екіншісіне қарай ұрады. Теспелер тік немесе көлденең орналасады. Көлденең орналасқан шпурларға артықшылық беріледі, өйткені жарылыстан кейін тазалау кенжарының шатыры тегіс, салбыраған кесектердің (ас тұздарының) аз мөлшері бар. Өз салмағының әсерінен шайқалған кен тазалау кеңістігі бойынша скреперлік қуақаз арқылы қозғалады. Скреперлік қуақаз бойынша кеннің тереңдігі 3-5 метр болатын кен шығаруға жеткізіледі, одан өзі аударғыштарға тиеледі және автокөлік еңісі бойынша жер бетіне тасымалданады. Блокты төменнен-жоғарыдан төменнен төмен қарай, оны сақтау қажеттілігі жойылған кезде алып тастайтын Блок желдетіледі, таза ауаны көтергіші2в тазалау кеңістігі бойынша береді. Жұмыс кемерлерін жуу, ауа ағысы басқа көтерілушіге жоғарыда жатқан көкжиекке жіберіледі. Аралас блоктардағы тазалау қазындысын бір деңгейде немесе озып кетумен (артта қалумен) бірге жүргізеді.

2. Геодезиялық және маркшейдерлік жұмыстар

2.1 Геодезиялық және маркшейдерлік жұмыстар бастамасы

Мойынқұм ауданында алтынының болуы туралы алғашқы мәліметтер өткен ғасырдың 30-шы жылдарында пайда болды. 1954 жылы бірінші рет 1:200000 масштабта ауданның геологиялық түсірілімі орындалды. Жоғарғы Андасай кен орнының алаңында 1975-1977 жылдары 1:10000 масштабтағы егжей-тегжейлі іздестіру және түсіру жүргізілді.


Кен орны аумағындағы толық геологиялық барлау жұмыстары тек 2002-2006 жылдар аралығында басталды. Кен орнының алаңында 1:1000 масштабтағы топогеодезиялық түсірілім жүргізілді, ол 1,0 м кейін рельеф қимасы (себебі учаске тау және тау бөктеріндегі рельефте орналасқан). Жер асты маркшейдерлік тірек желілерін бағдарлау және орталықтандыру үшін бастапқы пункт ретінде 1-ші разрядты триангуляция пункттері пайдаланылды. Барлық геологиялық барлау қазбалары бойынша 2Т30 теодолит аспабының көмегімен топографиялық бақылау жүргізілді.

2015 жылы тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру сатысында Солтүстік және Оңтүстік жер асты тау-кен қазбаларымен тұрғын үйлерді ашу басталды. Осы жылы 1:1000 масштабтағы топографиялық түсірілім "LEICA" фирмасының ts09 жоғары дәлдікті электронды тахеометрін қолданумен орындалды. Құрал жыл сайын "LEICA" сервис орталығында тексеруден өтіп, тексеруден кейін сертификаттар беріледі.

Топографиялық жоспарларда жергілікті жердің барлық заттары, жағдай, жер бедері және тау-кен қазбаларына байланысты объектілер: кен қоймасы, тау-кен қазбаларының сағалары, соның ішінде геологиялық барлау ұңғымаларының сағалары шартты белгілермен бейнеленген. Маркшейдерлік тірек желісінің пункттері жер бетінде штольни сағасынан 300 м алыс емес орналасқан. Түсірілім желілеріндегі пункттерді маркшейдерлік тірек желісінің жақын орналасқан пункттеріне қатысты анықтау түсірілім масштабында жоспарда 0,4 мм-ден және биіктігі бойынша 0,2 м-ден аспайтын қателікпен жүзеге асырылады.

Өлшеу нәтижелерін өңдеу GeoOfficeTools бағдарламалық кешенін пайдалана отырып, ПЭВМ-да камералдық шарттарда жүзеге асыру арқылы координаттары алынды.

Жер асты тау-кен қазбаларын қазу кезінде (тау-кен қазбаларын орындау және өлшеу) маркшейдерлік қызмет көрсету техникалық нұсқаулықтың барлық талаптары бойынша жүргізілді. Топомаркшейдерлік түсірілімдердің деректері геологиялық карталарды, жоспарларды, проекцияларды, разрездерді құру үшін пайдаланылған. Жерасты тау-кен қазбаларын қазу кезінде үнемі маркшейдерлік қызмет көрсетіледі.



3 Сурет – «Жоғары Андасай» кен орнындағы геодезиялық түсіріс пункттерінің орналасу сұлбасы

Кен орны триангуляциялық тірек тораптары негізін кен орнынан 4-5 км қашықтықтан алады. Триангуляциялық пункттер 4-ші класс триангуляция тораптарна жатады. Кен орнының жұмысына ыңғайлы ретінде қазірше бізге белгілі және жақын жатқан 10-12 шақты полигонометриялық пункттері бар. Бұл пункттер кен орны ашылу барысында арнайы мамандар көмегімен құрылып есепке алынған. Бұл пункттер штольня траншеясы, кен үйінділеріне ыңғайлы етіп жақын орналастыра бекітілген. Бізде белгілі кен орны ситуациялық сызбасында 6 пункттің орналасу орындары белгілі. 2.1 – суретте кен орны алаңындағы полигонометриялық тірек тораптарының орналасу сұлбасы беріліп, 1.3 – кестеде осы пункттер X, Y, Z координаталары көрсетілген.

2 кесте – Кен орны алаңындағы полигонометриялық тірек тораптары

Аталуы	X	Y	H
Rp-16	12327.2181	10632.8939	491.756
Rp-17	12321.908	10356.6282	475.280
Rp-18	12092.7368	10625.3722	486.312
Rp-20	12160.2857	10246.285	474.5232
Rp-21	12126.703	10180.7053	481.944
Rp-23	10448.0219	12058.600	462.919

2.2 Триангуляция және полигонометрия


Геодезиялық тораптардың координаталары көп жағдайда триангуляциялық әдіспен анықталады. Бұл әдіс жер бетінде бір - біріне жалғасып жатқан үшбұрыштар жүйесін құруға негізделген. Үшбұрыштар төбесінің координаталарын анықтау үшін, әрбір үшбұрыштардың үш бұрышы өлшейді және бастапқы үшбұрыштың бір қабырғасы өлшеніп (AB) қалған қабырғалары формула бойынша есептеледі. Қалалық жерлерде құрылыс жүріп жатқан және де, жетуге қиын аудандарда геодезиялық мемлекеттік тораптар пункттер тізбегіне өзара қосу нәтижесінде алынған полигонометриялық жүрістер арқылы құрылады.

Триангуляция тораптарын жобалауда мыналарды білу керек:

1. Ауданның геодезиялық анализін;
2. Пандағы жобаланған тордың схемасын құрастыру;
3. Триангуляция тор элементтерінің есебін;
4. Жұмыстың жалпы көлемін қалпына келтіру.


Полигонометриялық торды жобалауда:

1. Жүрістерді жүргізудің нәтижелі нұсқасын;
2. Бақылау өнеркәсібін;
3. Орталық торды бекітуді;
4. Қорытындыларды өңдеуді қамтамасыз ету керек;
5. Жобаланған жүрістер келесі жағдайларда;
6. Жүріс сызықтары жол мен көшенің бойында орналасады;
7. Жүрістерді жоғары разрядты нүктелерге байланыстыру керек;
8. Полигонометриялық жүрістері тең қабырғалы болу керек (2.1-сурет).



4 Сурет – Триангуляция

Қалалық жерлерде, құрылыс жүріп жатқан және де, жетуге қиын аудандарда геодезиялық мемлекеттік жүйелер пункттер тізбегінен өзара қосу нәтижесінде алынған полигонометриялық жүрістер арқылы құрылады (4 -сурет).



5 Сурет – Полигонометрия

Полигонометрияда бұрылу бұрыштары теодолитпен, ал арақашықтықтар болат, не инвар ленталармен өлшенеді. Кейінгі кезде электрооптикалық және радиооптикалық қашықтық өлшегіш аспаптардың пайда болуына байланысты геодезиялық тораптардағы бұрыштар өлшенбей, тек қана үшбұрыш қабырғалары анықталатын болды. Бұл әдіс трилатерация әдісі деп аталады.

Геодезиялық пункттердің биіктігі нивелирлеу әдісімен анықталады. Маркшейдерлік жұмыстарды жүргізген кезде шахта оқпанына жақын жерде орналасқан тірек пункттерінің болуы өте қажет. Пунктерінің оқпаннан алыстағы 300 м- ден аспауы керек.


Кеніштегі аналитикалық жүйелер төбелері таңдалынған жүйенің негізгі пункттеріне сәйкес үшбұрыштар жүйесінен тұрады. Үш бұрыштар жүйесіне арақашықтығы 300 – 1000 м аралығында 7 дейін пункт кіргізуге болады.

2.3 Жер асты маркшейдерлік тірек тораптары

Жер асты маркшейдерлік тірек торлары тау-кен қазбаларына түсірістер жүргізуде және тау-кен - геометриялық есептерді шешуде басты геометриялық негізі болып табылады. Ол пайдалы қазынды кенорнын дұрыс және қауіпсіз өндіруін қамтамасыз етеді. Бұл торларды құруға және дамытуға мемлекеттік геодезиялық торлар пункттері және жер бетіндегі жергілікті белгілер торлары керек.

Полигонометриялық жүрістер гироскопиялық бағдарланған қабырғалар секцияларына бөлінеді. Тірек торлары тұйықталған, тұйықталмаған және аспалы жүрістер түрінде дамытылады (2.3-сурет).


Жер астындағы объектілердің кеңістіктегі орнын анықтау, оларды планға түсіру, қималары мен профильдерін жасау үшін маркшейдерлік түсірістер жүргізіледі. Түсіріс объектілеріне күрделі, дайындық, бөлу, тазалау, бағдарлау және т.б. кен қазбалары тау жыныстарының жатыс жағдайлары, тектоникалық бұзылу, жарықшақтар, тау-кен соққысының орны, сынама алынған орын және т.б. жатады.



6 Сурет – Жер асты маркшейдерлік тірек тораптары

Аталған объектілердің барлығы бір дәлдікпен түсірілмейді,соған байланысты жер асты түсірістерінде әртүрлі аспаптар қолданылады. Пландық түсірістер ішіндегі ең дұрысы теодолиттік түсіріс,ол дайындық қазбалары жүргізіліп жатқанда қолданылады.Ал бөлу және тазалау қазбаларын түсіру үшін буссоль,рулетка және т.б. пайдаланылады.

Биіктік түсірістері геометриялық және тригонометриялық нивелирлеу арқылы жүргізіледі.




7 Сурет – Маркшейдерлік нүкте орналасу және қолдану рету сұлбасы

Түсірістер “жалпыдан жекелікке көшу” принципімен жүргізіледі,яғни ең алдымен өте жоғары дәлдікте тірек пункттерінің, одан кейін түсіріс пункттерінің координаталары анықталады да,олардан қажет объектілер түсіріле береді. Жер асты тірек пунктер орналасу схемасы 2.4 – суретте сұлбамен көрсетілген.

2.4 Теодолиттік түсірістердің жер астында орындалуы

Жер асты қазбаларындағы теодолиттік жүрістердің ашық, тұйық және байланылмаған жүрістер деген түрлері болады. Бұл жүрістерде бұрыштар Т30 және Тео-080 сияқты теодолиттер арқылы өлшенеді. Ара қашықтықтар болат рулетка немесе ленталар арқылы 1 - мм дейін есеп алып, тура және кері бағытта өлшенеді. Теодолиттік жүрістермен қатар объектілер де толық етіп түсіріледі. Объектілер түсіру ордината тәсілімен жүргізіледі. Теодолиттік 5 және 6 пункттер арасына болат рулетка керіліп, таспа рулетка арқылы v_1 , v_2 және v_3 перпендикулярлары өлшенеді. Ал, сол ординаталарға дейінгі абсциссалар a_1 және a_2 5 - пункттен бастап 0,1м дейінгі дәлдікпен, болат рулетка өлшенеді (2.5 - сурет).



8 Сурет – Теодолиттік жүріс схемасы


Теодолиттік түсірісте полярлық тәсіл де қолданылады. Жүргізілген өлшеу нәтижелері теодолиттік түсіріс журналына толық етіп жазылады және схемалық суреті сызылады.

Сондай - ақ, эскизде қазбаның мөлшері, ұзындығы, ені, биіктігі, кеннің және оны қоршап жатқан жыныстардың геологиялық ерекшеліктері және тағы да басқалары көрсетіледі.

2.5 Нивелирлеу жұмыстарының орындалу реті

Геометриялық нивелирлеу. Ортадан жүргізілетін тәсілмен 10 және 20 м сайын пикеттер белгіленіп, рейкадан 1 мм дейінгі дәлдікпен есеп алу арқылы жүргізіледі. Нивелирлеу үшін НЗК, НТ нивелирлері және РН4, РНТ рейкалары қолданылады.

Жер астында жүргізілетін нивелирлеудің жер бетіндегіден өзгешелігі жоқ, дегенмен жер асты нүктелерінің қазбаның төбесінде де, табанында да орналасуына байланысты өсімшені анықтау ерекшеліктері бар (2.6 - сурет).



9 Сурет – Қазбалардағы геометриялық нивелирлеу

Геометриялық нивелирлеудің жер астында кездесетін 4 түрлері бар:

1. Артқы репер төбеде, ал алдыңғысы қазба табанында орналасса онда:

$$h = - (a + b).$$

2. Егер А және Р реперлері қазбағың табанында орналасқан болса, онда биіктік өсімшесі анықталады:

$$h = a - b,$$

мұндағы h - өсімше, a – артық, ал b – алдыңғы рейкадан алынған есептер.


3. Керісінше, артық репер жерде, ал алдыңғы репер төбеде орналасқан жағдайда өсімше тең болады:

$$h = a + b.$$

4. Егер репердің екеуінде қазба төбесінде бекітілген болса, онда:

$$h = b - a.$$

Тригонометриялық нивелирлеу. Тік дөңгелектен есеп алу дәлдігі 30" кем емес теодолиттер арқылы жүргізіледі. 2.7 - суретте тригонометриялық нивелирлеу схемасы көрсетілген. А және В реперлері арасындағы өсімшені h_{AB} -ны анықтау үшін сол нүктелерден тіктеуіштер түсіріліп, А нүктесіне теодолит орнатылады. А қашықтық S рулеткамен 2 рет өлшенеді және екі өлшеу арақашықтығы 3мм ден аспауы керек. А нүктесінен теодолиттің вертикаль дөңгелегінен центріне дейінгі биіктік – i_1 және в нүктесіне көздеу нүктесі v дейінгі биіктік v екі реттен рулеткамен 1 мм дәлдікпен өлшенеді.



10 Сурет – Қазбаларға тригонометриялық бағыт беру сұлбасы

10 ,а-суреттегі биіктік өсімшесі былай анықталады:

$$h = - S \cdot \sin v + v + i,$$

мұнда i – нивелир төбесінен тіктеуіш ілінген нүктеге дейінгі арақашықтық; v - көлбеу бұрышы; v – теодолитпен бағыттаған жерден қазба төбесіне дейінгі арақашықтық.

10 ,б-суреттегі қазба табанындағы реперлер а және в өсімшесі мынаған тең:

$$h = S \cdot \sin v - v + i.$$

мұндағы, i – аспап биіктігі. v - көлбеу бұрышы. v – теодолит дүрбісінен рейкаға дейінгі арақашықтық.

Өсімше тура және кері бағыттарда екі рет анықталып, екеунің арифметикалық ортасы алынады. Жүрістегі қате ұзындыққа (S) пропорционал етіліп әр өсімшеге бөлінеді.


Репер биіктіктері есептелгеннен соң көлбеу қазбаның профилі сызылады.

2.6 Тау-кен қазбаларына бағыт беру жұмыстары

Қазбаның қисық сызықты учаскелеріне (бұрылыстарына) горизонталь жазықтықта бағыт берудің перпендикулярлар тәсілі. 2.8 - суретте келтірілген жобада 5 және 7 нүктелердің арасында радиусы $R = 12,5$ м, орталық бұрылу бұрышы $\alpha = 74^{\circ}30'$ қисық сызықты қазба жобаланған. Оны орнына көшіріп, бөлу үшін қазбаның осінің бойында, бұрылыстың басталатын жері 5 нүкте, бітетін жері 7 нүкте, 5 – 6 – 7 полигонын жобалайды. Бұрылыстағы нүктелердің саны, олардың өзара көрінуіне байланысты және орталық бұрылу бұрышының

мөлшеріне (мәні неғұрлым үлкен болса, соғұрлым нүктелердің саны да көп болады) анықталады.

Бұрылыстың радиусын және орталық бұрылу бұрышының мөлшері белгілі болса, хордалардың s_{56} , s_{67} және 5, 6, 7 төбелеріндегі горизонталь бұрыштардың b_5 , b_6 , b_7 мөлшерлерін есептеу қиын емес. Анықталған горизонталь бұрыштарды пайдаланып қазбаның осімен жүргізілген әр хордаға бағыт береді. Хорданың бітетін жері, оның ұзындығына s тең. Құрылысшыларға қазбаның осімен жүргізілген хордалардың және оларға 1 – 2 м сайын тұрғызылған перпендикулярлардың қазбаның екі қабырғасына дейінгі қашықтықтары (графикалық түрде анықталған) көрсетілген үлкен масштабтағы (1:50, 1:100) эскизін береді.



11 Сурет – Жер астындағы қазба бұрылысына перпендикулярлар және созылған хордалар тәсілімен бағыт беру

Қазбаның қисық сызықты учаскелеріне (бұрылыстарына) горизонталь жазықтықта бағыт берудің созылған хордалар тәсілі. Бұл тәсілдің ерекшелігі бұрыш өлшейтін аспап қолданылмайды. Бұрылманың барлық ұзындығында оның осі түзу хордалармен белгіленеді. Егер бұрылма A (2.8 - сурет) нүктесінен басталатын болса және оның радиусы белгілі болса, онда оған жер астындағы қазбада келесі тәсілмен бағыт береді. Қазбаның осін белгілейтін хорданың ұзындығын $l = 2 - 3$ м қабылдайды (негізінде қазбаның еніне және бұрылманың радиусына байланысты анықталады). A нүктесінен қазбаның түзу жағына қарай $2l$ өлшеніп C нүктесінің орыны анықталады. A және C нүктелерінен тура қиылысумен B нүктесін анықтайды. Тура қиылысудың қабырғалары $AB = 2l$ және төмендегі формуламен анықталатын $BC = d$.

$$d = \frac{l^2}{R}$$

A және B нүктелері бұрылмадағы түзудің (хорданың) бірінші буынының бағытын анықтайды. BA бағытымен сызықты A нүктесінен ары қарай l ұзындығына созып A_1 нүктесінің орынын анықтайды. A және A_1 нүктелерінен


тура қиылысумен B_1 нүктесін анықтайды. $A_1B_1 = l$ және $AB_1 = d$. B_1A_1 бағыты екінші буынның бағытын анықтайды. Келесі хордалардың бағыттары екінші буынды анықтаған әдіспен қажетті жерлеріне дейін анықтала береді. Қазбаның ені оның осінен (A, A_1, \dots, A_n) қашықтықтарымен бақыланады.

Қарама-қарсы кенжарларды түйістіру. Кен орнын жер асты әдісімен қазуда, дайындық қазбаларын көпнесе қарама-қарсы кенжарлармен өтеді. Қазбаларды қарама –қарсы немесе қуып жететін кенжарлармен өтуді қазбалардың түйісуі немесе жай ғана түйісу деп атау келісілген. Түйіспе кезінде қазбалардың кенжарлары берілген дәлдікте биіктігі және планы бойынша да сәйкес келуі талап етіледі.

Түйіспенің дәлдігі алдын -ала есептеліп қойылады. Техникалық жағдайға байланысты түйіспе дәлдігі : горизонтальды және көлбеу қазбалар үшін, 0,5м планда және 0,3м биіктігі бойынша; ал толық қимамен шақты окпандары түйіскенде дәлдік 0,1м болуы керек. Осындай жоғарғы дәлдікті жұмысты орындау, тұрақты тексеріс жұмыстарын, орындаушының ұқыптылығын, жеке түсірістер мен есепеулер элементтерін екі қолдан орындауды талап етеді. Бұл жұмыстар негізгі маркшейдерлік жұмыстарға жатады.

Түйіспелерді горизонтальды, көлбеу және вертикальды жазықтықтарды жүргізеді. Оларды өткізгішпен және өткізгішсіз жүргізеді. Өткізгіш ретінде жыныстардың, кенжарда немесе тақта төбесінде және табанында жақсы көрінетін литологиялық айырмашылығы жатады. Егер, түйіспе өткізгішсіз өтілетін болса ол қиынға болады. 2.9 -суретте горизонтальды жазықтықта өткізгішсіз қазбалады түйістіру үлгісі көрсетілген.

Кенжарлар бір-біріне қарама-қарсы жүретін маркшейдерлік нүктелер 11 және 17 арасында жоғарғы дәлдікте қос нивелир-теодолитті жүріс салады. Есептеу қорытындысында нүктелердің координаталары: X_{11}, Y_{11}, Z_{11} және X_{17}, Y_{17}, Z_{17} және оларға қабысатын жақтардың дирекциондық бұрыштары: $\alpha(10-11)$ және $\alpha(16-17)$ анықталады.



12 Сурет – Қазбаларды түйістіру үлгісі

11 және 17 нүктелер көмегімен кері геодезиялық есепті шығара отыра, түйіспе өсінің дирекциондық бұрышы $\alpha(11-17)$ және түйіспе ұзындығы L -анықталады.

Дирекциондық бұрыштар айырымынан бөлу бұрыштарын табады: β -11-нүктеден бағыт беру үшін және β -17-нүктеден бағыт беру үшін.

11 және 17 нүктелерде теодолиттерді орнатып, бөлі бұрыштарын салып, а, Б, с және а', Б', с' тікеуіштерін іледі. К-түйісу нүктесі. ($X'/өсі$) жауапты бағыт бойынша түйіспені алдын-ала есепейді. Осыдан кейін, план және биіктік бойынша қазбаның өтілуін тексеріп отырады.

Кезікпе кенжарлар жүргізулердегі маркшейдерлік жұмыстар.

Кезікпе кенжарлар жүргізу өте жауапты жұмыс. Егер қазбалар бір - бірімен дәл кезікпеген жағдайда, онда өндіріске материалдық зиян келеді. Бұл жұмысты жүргізерде бір - біріне қарама - қарсы жүргізілетін екі кенжардың горизонталь және вертикаль жазықтықтардағы бағыттарын планнан анықтап алуы қажет.

2.10 – суретте екі қуақаз арасында квершлаг жүргізу схемесы көрсетілген. Екінші квершлагта А, В, С маркшейдерлік пункттер бекітілген дәлдік планға жүргізілетін 3 –квершлагтың осі сызылып, одан М және N нүктелерінің X_M, Y_M, X_N, Y_N координаталары анықталады. Қуақаздарға қосымша Д жәнеЕ нүктелері салынып, олардың да координаталары есептеледі. Енді планнан натураға М және N нүктелерін шығару үшін кері геодезиялық есеп бойынша $\beta_1, \beta_2, \beta_3, \beta_4, l_{DM}, l_{NE}$ бұрыштары анықталады. Штректерде бекітілген М және N нүктелерінің астына теодолиттер орнатып β_1 және β_2 бұрыштары арқылы горизонталь жазықтыққа бағыт беріледі.

Ал вертикаль жазықтыққа бағыт беру үшін нивелирлік М және N нүктелерінің биіктік өсімшесі h анықталады. Квершлагтың көлбеу бұрышын былай анықтаймыз:

$$i = \operatorname{tg} v = \frac{h_{MN}}{l_{MN}}$$

Ал, l_{MN} мына формула арқылы есептеледі


$$l_{MN} = \frac{Y_N - Y_M}{\sin \alpha_{MN}} = \frac{X_N - X_M}{\cos \alpha_{MN}},$$

мұндағы l_{MN} – MN бағытының дирекциондық бұрышы.

Тау-кен қазбаларына горизонталь жазықтықта бағыт беру

Горизонталь жазықтықта бағыт теодолит арқылы беріледі. Ол үшін жүргізілетін қазбаның дирекциондық бұрышы белгілі болуы керек және жақын жерде жер асты маркшейдерлік тірек торының немесе түсіру торының пункттері орналасқан болуы тиіс.

Штректен артқа бағыт беру үшін (2.11 – сурет) теодолитті 35 нүктеге орнатып 35 - 36 бағыт бойынша l арақашықтығы өлшеніп А нүктесі бекітіледі. Кейін теодолитті А нүітесіне орнатып, А-35 бағытынан басталатын β бұрышы арқылы В-ға бағыт беріледі.




13 Сурет – Кезікпе қазбалар жүргізудегі маркшейдерлік жұмыстар

β бұрышы мына формула бойынша анықталады

$$\beta = \alpha_{AB} - \alpha_{A-35},$$

Мұнда, α_{AB} – қазба осының АВ дирекциондық бұрышы;

$\alpha_{A-35} - \alpha_{A-35}$ бағытының дирекциондық бұрышы.




14 Сурет – Тау-кен қазбаларына горизонталь жазықтықта бағыт беру

β бұрышы арқылы берілген бағыт маркшейдерлік арқылы 5 - 6 м жерге бекітіліп, оған тіктеуіш ілінеді. Одан кейін бұрышы толық есеп алу әдісімен өлшеніп жоғарыдағы формуласымен есептелген бұрышпен салыстырылады.

